

«Мөлдір бұлақ» бөбекжай - бақшасы

**Тақырыбы: «Беске дейін үлгер»
(Заң мен тәртіп жоспары бойынша)**

Дайындаған: С.Копжасарова

Қайрат ауылы 2025-2026 оқу жылы

Мақырыбы: Экскурсия «Балаларға базарлық» мобильдікітапхана

Мақсаты:

Балалардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, оқу мәдениетін қалыптастыру;

Мобильді кітапхана қызметімен таныстыру арқылы білімге деген құлшынысын ояту;

Балалар мен кітап арасындағы байланысты нығайту, бос уақытты тиімді өткізуге баулу.

Міндеттері:

Балаларға мобильді кітапхана жұмысын таныстыру;

Қызықты кітаптармен таныстырып, әдеби талғамын дамыту;

Кітап оқудың маңыздылығы туралы ой бөлісуге жағдай жасау;

Балалардың танымдық, шығармашылыққа білетін дамыту.

Іс-шара барысы:

Тәрбиеші ата-аналармен сәлемдесті. Мобильді кітапхана туралы түсінікпен таныстырды.

Кітапхана әлеміне қадам атты бөлімде тәрбиеші ата-аналарды арнайы безендірілген кітап бұрышына (немесе интерактивті экранға) әкелді. Мұнда ата-аналар балаларға арналған түрлі жанрдағы кітаптарды көреді: ертегілер, өлеңдер, танымдық энциклопедиялар. Кітапханада тек қағаз кітаптар мен ғана емес, заманауи мобильді қосымша арқылы да қолжетімді екені айтылды. Мобильді кітапханамен танысу бөлімінде экраннан мобильді қосымшаның үлгісі көрсетілді. Бұл қосымшада балалар кезкелген уақытта ертегілер тыңдап, суретті кітаптар оқып, мультфильмдермен таныса алатыны айтылды және артықшылықтарына тоқталды. Ата-аналарға демонстрация жасалады: бір ертегіні ашып, дыбыстап көрсетілді.

Интерактивті ойын бөлімінде «Ертегіні тап!» жаттығуы кезінде тәрбиеші ата-аналарға 2-3 қысқа үзінді тыңдатты. Ата-аналар қай ертегі екенін тапты. (Мысалы: «Шалқан», «Қызылтелпек», «Ер Төстік»). Бұл бөлім көңілді атмосфера орнатып, ата-аналарды белсенді қатысуға ынталандырды.

Ата-аналарға кеңес бөлімінде баланың кітапқа деген қызығушылығы ата-аналардың үлгі беруіне байланысты екені айтылды. Күнделікті 10-15 минут баламен бірге кітап оқуға немесе ертегі тыңдауға шақырды. Мобильді кітапхананы қолдана отырып, баламен бірге талқылап, сұрақ қойып, ой бөлісуді ұмытпау керек екендігі де ескертілді.

Қорытынды бөліміне тәрбиені «Балаңдақта бақырлық» номенклатурасы арқылы шығару румын сипатта алған әсерлері жайлы сұрап, құрастыру қорытындысы.

қырыбы: Кеңес беру «Беске дейін үлгер» мобильді қосымшасын пайдаланасыз ба?

мақсаты:

ата-аналарды «Беске дейін үлгер» қосымшасымен таныстыру, оның бала дамуына тигізер пайдасын түсіндіру, отбасылық тәрбиеде тиімді қолдану тәжірибелерін ұсыну.

Іс-шара барысы:

Кіріспе бөлім әдіскер сәлемдесті. Тақырыптың өзектілігіне тоқталып, қазіргі заманда баланың алғашқы 5 жасындағы дамуы өте маңызды екенін атап өтті. «Беске дейін үлгер» қосымшасы ата-анаға осы кезеңде бағыт-бағдар беретін құрал екенін түсіндірді.

Негізгі бөлімде әдіскер қосымшаның қазақ тіліндегі отбасылық қолдау құралы екенін, ерте жастағы баланың тілдік, танымдық, әлеуметтік дағдыларын дамытуға арналғаны жайлы ақпараттарға тоқтала келе қосымша жайлы жалпы түсінік берді. Соның ішінде мүмкіндіктері, ата-анаға пайдасы жайлы да айтылды.

Практикалық бөлімде қосымшадан «Баламен бірге санау ойыны» және «Заттарды ажыратып айту» ойындарын ата-аналармен бірге орындатып көрді.

Өзара қысқаша талдау жасау арқылы баланың дамуына қалай әсер ететіні жайлы ой бөлісті.

Қорытындысы:

Қорытынды бөлімде ата-аналарға қосымшаны жүктеп күнделікті қолдану ұсынылып, кеңестер берілді.